

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың ХІ Халық. ғыл. конф. = ХІ Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Ресей Федерациясының Жер қойнауын пайдалану туралы Заңы Ресей Федерациясының 1992 жылы 21 ақпанда қабылданған № 2395-1 «Жер қойнауы туралы» Заңына сәйкес, жер қойнауы – топырақ қабатынан төмен орналасқан, ал топырақ қабаты жоқ кезде – жер бетінен және теңіздердің, көлдердің, өзендердің және басқа да су айдындарының түбінен төмен орналасқан, жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге болатын тереңдікке дейін созылып жатқан жер қыртысының бөлігі [4]. Осы Заң геологиялық зерттеу, жер қойнауын пайдалану мен қорғау, тау-кен өнеркәсібі мен оған қатысты қайта өңдеу өнеркәсіптерінің қалдықтарын және жер асты сулары мен басқа су айдындарын қолдану, жер қойнауын пайдаланушылардың жеке және технологиялық мүдделері саласында туындайтын қатынастарды реттейді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Барак Обама, Kazakhstan the International Business Magazine. – 2009. - № 5. – С.29
- 2 Выгон Г.В. Проблема оптимального распределения ресурсов.// журнал «РЦБ: Товарный рынок» . – 2001. - №4(5). – С.7-9.
- 3 Суханов Е.А., Проблемы правового регулирования отношений публичной собственности и новый Гражданский кодекс. // Гражданский кодекс России: проблемы, теория, практика. - М., 1998. - 659 с.
- 4 Ченцова О.И., Законодательство Казахстана о недропользовании: текущий статус, перспективы развития и проблемы законотворчества (взгляд практикующего юриста). // Сборник научных статей юристов юридической фирмы «Эквитас» «Актуальные проблемы гражданского права: вопросы теории и практики». // под ред. Басина Ю.Г. и Ченцовой О.И. // Алматы, 2003. - 211 с.

ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ КӨТЕРМЕЛЕУ

Палымбетова Мөлдір Үсенбайқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Заң факультеті, құқықтану мамандығы студенті
Ғылыми жетекші- А.Т. Қалтаева, аға оқытушы

Әйел құқығын қорғау және тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету Омбудсмен қызметінің басымдық бағыттары болып табылады. Әйел құқығын қорғау саласында негізгі осы заманғы мәселелердің бірі әйелдерді қоғам өмірінде екінші кезектегі орын алатын теңсіз құқықты субъекті ретінде бағалайтын қоғамдық сананың кертартпалығы болып табылады. Тіпті орталық мемлекеттік органдармен жұмыста да біз гендерлік қағиданы түсінбеушілік, халықаралық құқық қорғау стандарттарын білмеушілікпен кездесеміз: әйелдер құқығын қамтамасыз ету саласында жұмыс істейтін мемлекеттік қызметшілердің бәрі бірдей бүгінде өз қызметінде БҰҰ–ның 1979 жылғы 18 желтоқсанда қабылданған «Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы» Конвенция ережелерін, оның үстіне Қазақстанға қатысты тиісті Комитеттің ұсынымдарын басшылыққа алмайды, кейбірі Республиканың халықаралық құқыққорғау міндеттемелерінің басымдық сипатын сезінеді. Алайда, осы Конвенцияның 1- бабында әйелдерге қатысты кемсітуге мынадай анықтама берген ««әйелдерге қатысты кемсіту» ұғымы әйелдердің саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени, азаматтық немесе кез- келген басқа салалардағы адамның құқықтары мен негізгі бостандықтарын олардың отбасылық жағдайына қарамастан, ерлер мен әйелдердің теңдігі негізінде пайдалануын немесе іске асыруын әлсіретуге немесе мойындалуын жоққа шығаратын жыныс белгісі бойынша кез келген айырмашылық, қоспай қою немесе шектеу дегенді білдіреді»

Қазіргі уақытта бүкіл әлемде тарихи қалыптасқан ер адамдардың әйелдерден үстем болуы өзгерістерге ұшырауда. Мемлекет Елбасының тікелей қолдауымен құқық қорғау, әйелдер мен еркектердің құқықтарын бақылау және қайта құру бойынша институттар құруда және дамытуда.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 ж. 29 қарашадағы № 1677 Қаулысымен 2006-2016 жылдарға Қазақстан Республикасында Гендерлік теңдік стратегиясы бекітілді.

Стратегия мемлекеттің гендерлік саясатын іске асыруға бағытталған маңызды құжат, мемлекет пен азаматтық қоғам тарапынан оны іске асыру мониторингтеу құралы, демократияны дамытудың маңызды факторы болып табылады. Стратегияны іске асыру әйелдер мен ерлердің өз құқықтарын бірқалыпты іске асыруы үшін жағдай жасауға жәрдемдесетін болады және 2006 жылдан 2016 жылға дейінгі кезеңде еркектер мен әйелдердің құқықтар мен мүмкіндіктері теңдігіне қол жеткізу бойынша міндеттерді шешуді қарастырады.

Стратегияны жүзеге асыру мақсатында 2009 жылы қазақстандық заңнаманың гендерлік бағытын күшейтетін 2 заң қабылданды. 2009 жылы 4 желтоқсанда «Тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» Заң қабылданды, ол адамдар мен азаматтардың отбасылық-тұрмыстық қатынастары саласындағы заңдық мүдделері мен бостандықтарын, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесуде конституциялық құқықтарын қорғауға бағытталған. Қабылданған Заң әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу жолында шынайы құқықтық жағдай жасады. 2009 жылы 8 желтоқсанда ел Президенті «Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Заңға қол қойды. Заң мемлекеттік органдар басшыларына ерлер мен әйелдердің тәжірибелеріне, қабілеттеріне және кәсіптік даярлықтарына сәйкес мемлекеттік қызметке тең қолжетімділігінің қамтамасыз етілуін, олардың жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ мемлекеттік биліктің заңнамалық, атқарушылық және сот тармақтарында тең серіктестік қатынастарының сақталуын міндеттейді. Бұл заңның жетістіктерінің бірі – ерлер мен әйелдерге жынысына қарамай өмірдің саяси, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және мәдени салаларына қатысуларына тең құқық пен тең мүмкіндік бере отырып, шынайы қолжетімділікті қамтамасыз ететін құқықтық мәртебе ретінде «гендерлік теңдік» ұғымын заңнамалық тұрғыда бекітуі.

Гендерлік теңдік – әйелдер мен еркектердің тең құқықтық мәртебесі және тұлғаларға жынысына қарамастан өмірдің саяси, экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық және мәдени салаларына қатысу үшін өз қабілеттерін еркін қолдануға мүмкіндік беруші тең мүмкіндіктер; әйелдер мен еркектердің қоғамдың өмірдің әлеуметтік, саяси және экономикалық салаларында мүмкіндіктерге, ресурстарға және сыйақыларға тең ие болуды ұйғарады.

Қазақстан тәуелсіздік жылдарында еркектер мен әйелдердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында белгілі бір оңалысқа қол жеткізді. Қазақстандық гендерлік саясатты құру кезінде адам, отбасы құқықтары және гендерлік теңдік саласындағы табысты халықаралық тәжірибелер, БҰҰ бағдарламалық құжаттары қолданылды.

Тең құқықтар мен мүмкіндіктерге қол жеткізу мақсатында Елбасы келесі міндеттеді қойды: заңнаманы жетілдіру және гендерлік теңдікті қамтамасыз ету институттарын құру, әйел құқықтарын қорғаудың құқықтық тетіктерін қамтамасыз ету бойынша жұмысты жалғастыру және т.б. Қазақстанның гендерлік саясатының басты ерекшелігі гендерлік жобалардың бастамашысы гендерлік даму саласындағы превентивті және озық шаралар қабылдайтын Президент және мемлекет болып табылуында.

Негізгі проблема үй ішінде, балаларды тәрбиелеу бойынша орындалатын міндеттердің барлығы әйелге жүктелуімен сипатталатын тұрмыстық кемсітушілік болып табылады. Алайда әйел қоғамдық еңбекпен еркектермен қатар айналысуы мүмкін. Жасырын кемсітушілік те бар, яғни жұмысқа қабылдау, қызметтік сатымен жылжу кезінде әйелдердің құқықтары мен еркіндігін шектеу немесе қысым жасау, оның құндылығын жыныс белгісі бойынша төмендету.

Қазақстандық гендерлік саясат іске асу және одан әрі табысты табу шыңына жетті. Осылайша, әйелдер мен еркектерді жыныстық белгісі бойынша емес, саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени бағыттағы әлеуеттік мүмкіндіктерге ие және мемлекеттік гүлденуі мен дамуына қажетті үлес және пайда әкеле алатын адами ресурс, тұлға ретінде қарау қажет.

1979 жылғы Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның 3-бабына сәйкес «әйелдерге адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын ерлермен теңдік негізінде іске асыруына және пайдалануына кепілдік беру үшін қатысушы мемлекеттер барлық салаларда, және ішінара алғанда саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени салаларда әйелдердің жан-жақты дамуы мен прогресін қамтамасыз ету үшін барлық тиісті шараларын, заңнамалық шараларын қоса қабылдайды».

Қоғам мен мемлекеттің саясаттағы да, экономикадағы да барлық секторларының күш қосуының нәтижесінде әйелдердің өз позицияларын нығайтып, өздеріне тән артықшылықтарын көрсетуіне мүмкіндік туды. Мысалы, Парламентте әйел депутаттардың саны 25 пайызға, ал жергілікті өкілді органдарда 19 пайызға өсті. Алайда, әйелдер қауымдастығы олардың билікке қатысу үлесі өскенмен, әлі де тиісті деңгейге жеткен жоқ деп санайды. Мұны шынайы өмірде мәселеге формальді түрде қарау элементтері мен ментальдық сипаттағы стереотиптердің бар екендігімен түсіндіруге болады. Сондықтан да бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстанның әйелдері де мемлекеттік саясаттың ауыр жүгін арқалап жүргенімен оны қалыптастыруға тиісінше ықпал ете алмай отырғаны анық.

Осыған байланысты әйелдерді ілгерілетуде, әсіресе, ауылды жерлерде қызметтерін өсіруде жаңа сапалық тәсілдер керек. Және бұл үдерісте барлық деңгейдегі депутаттардың рөлі маңызды. Қазақстан әйелдері бизнес саласында айтарлықтай биік табыстарға қол жеткізді. Қысқа мерзім ішінде іскер әйелдер өз кәсіпорындарын дамытып, әрі іскерліктерін көрсетті, әрі іскер әйел туралы жалпы ұғымды өзгертті.

Қазіргі кезде әйелдер саясатқа белсенді араласады, саяси өнерге үйренуде және шын мәнінде саясаттағы әйел емес, саясаткер-әйел болуды қалайды. Қазақстандық саяси элитаны жаңарту саяси сауатты және қоғамдық істе белсенді әйелдердің қатысуымен іске асуы тиіс. Осыған байланысты, әйелдердің жүріс-тұрыс мәнерін, адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын және т.б. жетілдіруге көмектесуге қабілетті арнайы мектептер құру қажеттілігінің кезі келді деп ойлаймын. Шешім қабылдаудың жоғарғы деңгейіне көтеру үшін әйел кадрларды дайындау — көп баспалдақты, көп қырлы жұмыс, бұл — шаралардың тұтас жүйесі. Оны басқарушы кадрларды дайындаудың жалпы жүйесінен бөлуге болмайды, бірақ, дегенмен, бар стереотип, психология, жұмыс тәжірибесімен байланысты айқын ерекшеліктерді ескеру керек. Бұл ретте әйелдердің саясатта алға жылжуына күшті фактор ретінде мойындалған бұқаралық ақпарат құралдары да маңызды рөл атқарады. Мұның Еуропа немесе Орталық Азия екендігіне қарамастан, қоғам өміріндегі әйелдердің саясатқа араласуы мәселесі шешімін таппаған деген қорытынды шығаруға болады. Әйелдерге ерлермен бірдей елдің саяси, экономикалық және әлеуметтік өміріне араласуға мүмкіндік беру керек.

Әлемде 500 млн. ауыл әйелдері кедейлік шегінде өмір сүреді. Олардың қоғамдық өмірге қосатын өмірлік маңызды үлестері көзге көрінбейді. Қазақстанда ауылдық жерде халықтың 43% тұрады. Олардың жартысы әйелдер. Алайда оған қарамастан олардың көбінде жерге өз меншік құқығын қорғауға, кредит немесе оқу сияқты өмірлік маңызды қызметке қол жеткізу мүмкіндіктері жоқ.

Ауыл әйелдерінің іс жүзінде жағдайын, оларға қатысты таптаурындарын назарға ала отырып, жер реформасы туралы заңдарды жүзеге асыру барысында гендерлік көзқарасты көздеу қажет. Әйелдер стратегиялық жоспарларды, экономикалық бағдарламалар мен реформаларды өңдеу деңгейінде ұсынылуға тиіс. Әйелдердің экономикалық ресурстарға, оның ішінде жерге қол жеткізуін қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлу қажет.

Әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің қазіргі заманғы кезеңінде қалалық және ауылдық әйелдердің мүмкіндіктері арасындағы айырмашылық маңызды түрде шиеленісіп кетті. Қаладағы және ауылдағы өмір салтын ұйымдастыратын және жүйелі түрде ықпал

ететін сыртқы мән-жайлардың объективті айырмасы, өмір салтымен қалалық әйелдерден ерекшеленетін, олардың құқықтарын қосымша қорғауды талап ететін ауыл әйелдерін жеке топға бөлуге мүмкіндік береді.

Еуропада жыл сайын 15 қазанда Ауыл әйелдерінің күнін (World Rural Women's Day) атап өтеді. Қазақстанда ауылдың еңбекші әйелдерінің ерекше рөлі мен мәртебесінің бекітілмеуі және ресми жалпы мемлекеттік дәстүрде белгіленбеуі ауыл әйелдерінің мәселелері мен қажеттіліктерінің әрдайым ескерілмеуінің дәлелі. Мысалы, ауыл әйелдерінің ақпаратқа қолы жетімсіз, қазіргі жағдайларда оларды талап етусіз қалған кәсіби білімді жүзеге асыру, біліктілігін арттыру мүмкіндіктері шектелген. Статистика көрсетіп отырғандай, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланатын әйелдер саны мардымсыз. (орташа 25 % және кедей ауыл-аудандарда 0 %). Міне, сол себепті осы жағдай өзгеру үшін күш салу қажет.

Қазақстан Республикасының заңдарында кемсітушілік нормалары жоқ, тұтастай ол әйелді дәстүрлі және діни некелерден туындайтын қосымша кемсітуден қорғамайды, сондай-ақ әйелдердің мүліктік құқығы да қорғалмаған.

Некеге тұруға бірдей құқықтар, жұбайлардың отбасындағы теңдігі діни және ұлттық дәстүрлердің күшімен некелесуде жиі бұзылады. «Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көп әйел алу немесе өзге жағдайларда бейресми некелермен байланысты қатынастарды реттейтін нормалар жоқ. Заң тек ресми түрде тіркелген некеде тұрған жұбайлардың мүліктік құқығын қорғайды. Сондықтан діни немесе ұлттық дәстүр күшімен қиылған некеге жұбайлардың ортақ балалары болса да және ортақ шаруашылық жүргізсе де неке ресми тіркелмегендіктен, әйелдердің құқығы қорғалмаған.

Қосымша кемсіту еңбек заңнамаларында да орын алады. Елдің заңнамалары ерлер мен әйелдердің мүмкіндігін теңестіретін тетіктерді әзірге қарастырмайды. жұмыс берушілерге бұрынғыша, әйелдерді жұмысқа алу тиімсіз, өйткені бұл жүктілігі бойынша және бала күтімі бойынша демалысқа шығумен тығыз байланысты.

«Еңбек туралы» Қазақстан Республикасының Заңында жүктілік кезеңінде мерзімі өтуі бойынша жеке еңбек демалысына тікелей тыйым жоқ.

Әйелдердің көпшілігі ерлермен салыстырғанда шаруа (фермерлік) қожалығын жүргізу үшін және телімін алу құқығын пайдалана алмайды, өйткені Қазақстан Республикасының Жер Кодексі мұндай құқықты арнаулы ауылшаруашылық білімі және біліктілігі бар, сонымен қатар, ауыл шаруашылығында іс жүзінде тәжірибеге ие азаматтарға береді. Қазақстан Республикасы «Шаруа (фермерлік) қожалықтар туралы» Заңның 8-бабына сәйкес шаруа (фермерлік) қожалықты ұйымдастыру үшін жер телімін алуға тілек білдірушілерге ауылшаруашылық өндірісінде қожалық бөлу туралы қолдау хатқа қосымша түрде сәйкес білімі немесе арнаулы даярлықтан өтуі туралы құжат беруі қажет. Яғни тіпті шартты негіз бойынша көптеген ауыл әйелдеріне жер алуға заңды түрде рұқсат жоқ. Сырттай әділ, заң жүзінде жер телімін алу үшін біліктілік талаптарын іс жүзінде бүркеме кемсіту ретінде бағалауға болады. Себебі меншікті иелену, басқару, пайдалану және сақтау, қаржы тәуелсіздігіне ие болуы бойынша әйелдер құқығы үшін орталықты болып табылады.

Әйел - отбасының ұйытқысы, ол отбасында ғана емес, жалпы қоғамда да бейбітшілік пен тыныштықтың шырақшысы саналады. «Әйел - бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген де, соны білдірсе керек. Осындайда Мемлекет басшысының: «Әйел шексіз құдірет иесі. Тарих тағылымында ең айтулы өзгерістердің барлығы әйелдердің қолымен немесе әйелдер үшін жасалады», - деген сөзі еске оралады.

Қазіргі заманда әйелдер қауымы қоғам мен мемлекет ісіне келгенде ер азаматтардан кем белсенділік танытып отырған жоқ. Яғни, әйел азаматтар тек отбасы төңірегінде ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік қызметте, бизнесте, денсаулық сақтау мен білім-ағарту жүйесінде жемісті жұмыс істеп жатыр. Сонау қиын жылдары елдің еңсесін көтеруге атсалысудан бастап, бүгінгідей ел экономикасының қарыштауына әйелдер қауымының қосқан үлесі шексіз. Олардың соңғы уақытта қоғамдық жұмысқа етене араласуы байқалып,

саяси қызметтерде өсуі бекіді, мемлекеттік қызметтерде де нәзік жандылардың салмағы айтарлықтай артып келеді.

Осындайда, қазақстандық әйелдердің басым бөлігі «асыл жандарға тән емес» деп саналатын ең күрделі әрі қиын мамандықтарды игеріп қана қоймай, онда таңдай қақтыратын табыстарды еңсеріп жүргенін де еске салғанымыз орынды. Мемлекет ісінде жоғары, жауапты қызметтер атқаратын әйелдер қауымы өздерінің білікті басшылығымен ерекшелініп қана қоймай, Отанымыздың жетістіктеріне де тың дем беруде әйел заты әрдайым біздің қоғамның теңқұқылы мүшесі, ал ана – оның ең ардақты тұлғасы болды.

Қай халық болмасын әйел затына ықыласпен қараған, қазақ халқында әйелдің орны ерекше болған. Оны ана деп құрметтеп, қарындас деп еркелетіп отырған. Ер азаматтың тірегі, қамқоршысы болған әйелдер – қамыққанда сүйеу, тарыққанда тіреу, қамкөңілге жұбаныш бола білген. Әйел – азаматтың анасы, адамның тәрбиешісі. Ендеше, барша нәзік жандыларды қорғау – әркімнің азаматтық парызы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әйелдердің саяси құқықтары туралы конвенция, 1953 ж.
2. Әйелдерге қатысты кемсітудің барлық нысандарын жою туралы конвенция, 1979 ж.
3. Қазақстан Республикасында 2006-2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясы. №1043, 18 қазан, 2005 ж.
4. «2012 жылы Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарының ахуалы туралы» Жалпы редакциясын басқарған Қуаныш Сұлтанов, Тастемір Әбішев. Астана, 2013 ж. - 173 б.
5. ҚР —Ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы N 223-IV Заңы, 2009 ж.

УДК 343,2/7

ЮРИДИЧЕСКОЕ ЛИЦО КАК СПЕЦИАЛЬНЫЙ СУБЪЕКТ ПРЕСТУПЛЕНИЯ: СРАВНИТЕЛЬНО-ПРАВОВОЙ АСПЕКТ

Панасева Ляйля Елюхановна

Layla-56@mail.ru

Студентка первого курса магистратуры Южно-Уральского государственного университета (национальный исследовательский университет), город Челябинск, Российская Федерация
Научный руководитель – М.С. Кириенко

Поддержание и укрепление мира и безопасности, осуществление защиты прав и свобод человека и гражданина требуют совместных усилий государств, однако в силу существования различных правовых систем, необходимо изучение действующего национального законодательства каждой страны, что создаст благоприятную почву для плодотворного сотрудничества юристов разных стран.

Исследование уголовного права зарубежных стран, в частности, норм, касающихся правового положения специального субъекта, позволит выявить особенности и специфические черты на уровне национального закона, заимствовать опыт решения конкретных правовых проблем, в особенности, в связи с задачей формирования демократического правового государства и справедливого гражданского общества.

Об универсальности такого уголовно-правового явления как специальный субъект преступления свидетельствует и то, что, если в РФ в качестве такового признается только физическое лицо, то в ряде зарубежных стран возможно привлечение к уголовной ответственности и юридического лица.

По сведениям В.Додонова, в настоящее время институт уголовной ответственности юридических лиц существует в законодательстве Австралии, Англии, Бельгии, Венгрии (с 2001 г.), Дании, Израиля, Ирландии, Исландии (с 1998 г.), Канады, КНР (с 1997 г.),